

ГАЗЕТ ТІЛІНДЕГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ПРЕЦЕДЕНТТІ ЕСІМДЕР

Айгерим КАППАСОВА *

Алмагуль АДИЛОВА **

Түйіндеме: Мақалада қазақ тілінде жарық көретін газет беттерінде кездесетін прецедентті есімдердің қолданысы қарастырылады. Прецедентті құбылыстардың символы саналатын прецедентті есімдер біздің зерттеуіміздің басты нысаны болып отыр. Соның ішінде түркі тілдеріне ортақ фольклорлық прецедентті есімдердің БАҚ-тағы көрінісін анықтау - біздің мақаламыздың басты мақсаты. Зерттеу мақаламыздың жаңалығы ретінде қазіргі қазақ тілді басылым беттеріндегі мақала тақырыптарында кездесетін түркі тілдеріне ортақ фольклорлық прецеденттік есімдер қаралды, жинастырылды. Және фольклорлық прецеденттік есімдердің дереккөздері көрсетіліп, сипаттамалары берілді. Қазақ тіл білімінде алғаш рет ұлттық символға айналып, ұлт бейнесін сипаттайтын фольклорлық прецедентті есімдердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрінісі айқындалды. Ғалым В. Красныхтың сызбасы бойынша жинастырылған фольклорлық прецедентті есімдердің дифференциялық сипаттары ашылды. Мақалада көркем мәтінді лингвомәдени талдау, интерпретация, контекстік талдау, жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды. Мақаланың теориялық базасы ретінде В. Красных, Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко, Т. Жанұзақов, І. Кеңесбаев сынды ғалымдардың еңбектері қаралды. Прецедентті феномендер арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсету үшін, бұл құбылыстардың семантикалық мазмұнын ашу үшін сипаттамалық әдіс қолданылды.

Anahtar Kelimeler: *Прецедентті Феномен, Фольклорлық Прецедентті Есім, Фольклор, Газет Тілі, Түркі Мәдениетіне Ортақ Туынды.*

Folklore Precedent Names Common for Turkic Languages in Newspaper Language

Abstract: The article examines the use of precedent names found on the pages of newspapers published in the Kazakh language. Precedent names, which are symbols of precedent phenomena, are the main object of our research. Among them, the main purpose of our article is to determine the expression in the media of folk precedent names common to Turkic languages. The novelty of our research article is the consideration of the use of folklore precedent names found in the titles of articles on the pages of modern Kazakh-language publications. Based on the characteristics of folklore precedent names, their activities are reflected in the newspaper text, pragmatic potential. For the first time in Kazakh linguistics, it became a national symbol and the reflection in the media of folklore precedent names characterizing the image of the nation was determined. The differential characteristics of folklore precedent names have been identified, according to the schedule of V. Krasnykh. The article was guided by the principles of methods of linguistic and cultural analysis, interpretation, contextual analysis, generalization, comparison of artistic text. To reflect national-cultural features through precedent phenomena, a descriptive method was used to reveal the semantic content of these phenomena.

Key Words: *Precedent Phenomenon, Folklore Precedent Name, Folklore, Newspaper Language, Common Work Of Turkic Culture.*

Кіріспе

«Прецеденттілік» термині қазақ тіл білімінде көңіл бөлініп зерттеліп жатқан мәселенің бірі. Ю.Н. Карауловтан бастау алған бұл ұғымды В.В. Красных, Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко когнитивті лингвистиканың бір құбылысы ретінде, кей ғалымдар психолінгвистикалық талдаудың нысаны ретінде (Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин), ал ғалымдардың біршама тобы прецеденттілікті лингвомәдениеттанудың құндылығы деп қарастырады (Е.М. Верещагин, В.Г. Костоморов, Н.Д. Бурвикова, Ю.Е. Прохоров, З.К. Ахметжанова, Г.Б. Мадиева, Е.А. Журавлева, Н.А. Таирова). Прецедентті құбылыстар құрылымдық-семантикалық жағынан прецедентті атаулар, прецедентті мәтіндер, прецедентті жағдайлар, прецедентті айтылымдар деп төрт топқа жіктеледі. Бұл әлеуметтік-прецедентті, ұлттық-прецедентті және универсалды-прецедентті деп бөлінген прецедентті феномендер бүкіл қоғамға белгілі болатын, өзекті болып табылатын, сондай-ақ уақыт өткен сайын жаңарып отыратын құбылыс.

* PhD докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің PhD докторанты, aigerim.kappas@gmail.com

** Ф.ғ.д., проф., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, adilova2010@mail.ru

Прецентті құбылыстардың көркем шығармаларда, әсіресе қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісін көптеген отандық ғалымдар зерттеп жүр (Адилова А.С., Мадиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ., Абдыханова Б.А.). Ал публицистикалық стильдегі прецентті құбылыстар мәселесі әлі талай зерттеуді қажет етеді. Бұл прецентті феномендер мерзімді баспасөз беттеріндегі тақырыптарда, газет мәтіндері құрамында кеңінен қолданылады. Және олар шығарма бойына ұлттық ақпарды, ұлттың мәдениетін, негізгі құндылығын, ұлттық сананы жинақтап береді.

Прецентті құбылыстардың символы саналатын прецентті есімдер біздің зерттеуіміздің басты нысаны болып табылады. Соның ішінде БАҚ-тағы фольклорлық прецентті есімдердің қолданысы алғашқы зерттеулердің бірі болмақ. Прецентті есімдер – мәтінде қолданылатын көпшілікке кеңінен танымал жалқы есімдер. Оларды белгілі бір оқиғаларға негізделген мәдени белгі, символ десек те болады. Орыс ғалымы В. Красных прецентті есімдердің құрылымы дифференциалды сипатты құрайтын өзектен (ядро) және периферия қабатынан тұрады деп көрсетеді. Дифференциалдылық деген прецентті есім денотатын барлығынан ерекшелеп тұратын негізгі сипат. Ол белгілі бір адамның не заттың мінез-құлқы, адами қасиеттері немесе сыртқы келбеті, пішіні тәрізді белгілерді (жиынтығын) қамтитынын (мысалы, Алпамыс – батыр, Қыз Жібек – һас сұлу) көрсетеді, сонымен қатар прецентті есім прецентті жағдай арқылы да өзектенетінін атап айтады. Ал прецентті есімнің төлсипаттары (атрибууттары) ретінде ғалым денотатқа тән жекелеген ерекшелікті, киімі сынды қосымша белгілерді алады (мәселен, Сталиннің мүштігі, Асан Қайғының Желмаясы). Бұлардан басқа, біздіңше, жекелеген прецентті есім денотаты ұстаған аспап та есімнің периферия қабатына кіріп, белгілі бір тұлғаны немесе жағдайды таныта алады. Әр прецентті есімді қабылдаудың инварианты дифференциалды белгілерге сүйенсе, оның перифериясы көпке мәлім атрибууттарымен қатар, әр адамның немесе халықтың жеке (индивидуалды) танымын қамтып, қабылдау вариантына негіз болады (Толағайдың ғұмыры қысқа).

Сол сияқты В. Красных прецентті есім жалқы есім ретінде не прецентті есім ретінде қызмет атқаруы мүмкін деген ой айтады. Және прецентті есім болуы үшін 1) Прецентті есімді дәл осылай көпшіліктің қабылдауы керек; 2) прецентті мәтін, прецентті жағдайдың символы ретінде қызмет атқаруы қажет деген негізгі екі жағдайды ұсынады (Красных, 2003: 199).

«Прецентные имена в массовой коммуникации» атты көлемді монография жазған зерттеуші Е. Нахимова прецентті есімдердің типологиясын жасады. Ғалым прецентті онимдерді былайша жіктейді:

- 1) Көркем шығарманы білдіретін прецентті есімдер;
- 2) Уақытты көрсету арқылы маңызды жағдайды беретін прецентті есімдер;
- 3) Болған орынды белгілей отырып жағдайды көрсететін прецентті есімдер;
- 4) Компания, зауыт, банк сияқты бизнес объектілерді көрсететін прецентті есімдер;
- 5) Үлкен атақ, даңққа ие болған географиялық орындарды білдіретін прецентті есімдер;
- 6) Келесі мемлекеттің тарихи өмірін еске түсіретін елдің прецентті есімі;
- 7) Үлкен кемелердің прецентті есімі (Нахимова, 2007: 73).

Қазақстандағы ономастика мәселесін жан-жақты қарастырған Г. Мадиева «Имя собственное в контексте познания» атты зерттеу еңбегінде қазақ тіл білімінде прецентті есімдердің арнайы зерттелмегенін алға тартады. Ғалым прецентті есімдерді адамзаттың когнитивтік кеңістігін құрайтын универсалды (Гамлет, Наполеон, Гитлер) және ұлттық когнитивтік негіздегі нағыз ұлттық (Қарабай, Плюшкин) деп бөледі (Мадиева, 2019: 89).

Зерттеуші С. Иманбердиева «Құтты білік», «Диуани Хикмет», «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы» сияқты орта ғасыр ескерткіштерінің ономастикалық жүйесін, олардағы онимдердің құрылымын, онимдерді зерттеудің функционалды-прагматикалық бағытын талдайды. Сонымен қатар осы түркі жазба ескерткіштеріндегі онимдердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданысын, ерекшелігін зерттейді, «Жаратушы» концептісінің лингвоконцептологиялық көрінісіне ерекше тоқталады (Иманбердиева, 2010: 290).

Ғалым Ф.М. Әшімханова болса қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесін, этномәдени сипатын және әлеуметтік мәнін зерттеді. Сондай-ақ ғалым еңбегінде лақап есімдер, прецедентті антропонимдер, сакральді (киелі) антропонимдер, араб-парсы тілінен енген антропонимдер, қазақ эпосындағы кісі есімдері сияқты мәселелер қарастырылады (Әшімханова, 2007).

XX ғасырда қазақ лингвистикасында прецедентті есім термині қолданылмаса да, жалқы есім ретінде бір қырынан қарастырылған болатын. Оған дәлел Т. Жанұзақов, І. Кеңесбаев, Т. Қоңыров сынды ғалымдардың еңбектері. Т. Жанұзақов ономастиканың зерттелуін, соның ішінде қазақ ономастикасының зерттелуіне аналитикалық шолу жасаған қазақ ғалымы. Тіл біліміндегі жалпы есімдердің жалқыға, жалқы есімдердің жалпыға ауысу заңдылықтарын жан-жақты қарастырды. Алаңғасар, әпенді Қожанасыр, бір-біріне ынтық Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы мен Баянды, фольклорлық шығармалардағы батырлардың сәйгүліктері Тайбурыл, Шалқұйрық, Байшұбарларды айтып өтеді. Сан есімнен жасалатын Бірлік, Екібай (түрік тілінде Әкілбай), Үштөбе, Жетісу, Тоғызбай сынды жалқы есімдерге тоқталып кетеді. Ғалым сол сияқты араб, иран, моңғол, орыс тілдерінен жасалған онимдерді де қарастырған болатын (Жанұзақов, 2006).

Қазақ тіл білімінде прецедентті есімдер, соның ішінде фольклорлық прецедентті есімдер тақырыбында алғаш рет Б.А. Абдыханованың диссертациялық зерттеу жұмысы жазылды. Автор фольклорлық прецедентті есімдерді көркем шығарма негізінде қарастырды. Диссертациялық жұмыста фольклорлық прецедентті мәтіндер қазақ тіл білімінде алғаш рет зерттеу нысанына айналды және мәтінаралық байланыстар прецедентті зерттеудің бастапқы шарты ретінде қарастырылды, прецеденттік мәтін фольклормен және қазіргі мәтінмен тығыз байланыста зерттелді. Ізденуші қазіргі көркем шығармалардағы фольклорлық мәтіндердің прецеденттік мәтін түрінде берілу жолдарын айқындап, олардың рөлі сипаттаған.

Прецедентті мәтінді «ілікті мәтін» деп берген Ж. Жакупов, Б. Абдыхановалар олардың көркем шығармада берілуін мынадай тәсілдермен берілетінін көрсетеді: 1) фольклорлық прецедентті трансформациялап енгізу; 2) фольклорлық прецедентті тақырыпат түрінде жұмсау; 3) фольклорлық прецедентті көптік мағынада жұмсап жағымсыз эмоция тудыру; 4) жалқыдан жалпыға өткен фольклорлық ілікті антропонимдер; 5) сұраулы сөйлем арқылы түзілген прецедентті мәтіндер; 6) теңеу арқылы берілген прецедентті есімдер; 7) экспрессивті-бағалауыштық метафора арқылы берілген прецедентті есімдер; 8) контекстуалдық антонимдерді пайдалану тәсілі (Абдыханова, 2018).

Фольклорлық прецедентті есімдер біз қарастырған бұқаралық ақпарат құралдарында тақырыпат ретінде, трансформацияға ұшырау, жалқыдан жалпыға өту және сұраулы сөйлем арқылы жұмсалған. Әр қолданылған әдістің өзіндік ерекшелігі бар. Бірінің ақпараттық сипаты ерекше болса, екіншісі оқырман назарын бірден аударушы тілдік құрал болады. Енді бірі оқырманға әсер ету, ой салуды мақсат етсе, енді бірі кейіпкер сипатын тереңірек ашуды көздейді. Сол себепті де журналист фольклорлық прецедентті есімдерді өз мақаласын өзекті етіп, ақпаратты оқырманға дұрыс, әсерлі жеткізу үшін қолданып отырады.

Прецедентті мәтіндерге ежелгі аңыздар, миф әңгімелер, халық әндерін жатқызсақ, сол фольклордағы кейіпкерлер атауы прецедентті есім болмақ.

Фольклорлық прецедентті есімдер – әлемнің ұлттық-тілдік бейнесін құраушылар. Фольклор арқылы, фольклорлық прецедентті есімдер арқылы әр халықтың болмысы, құндылығы көрінеді.

Жалпы журналистер фольклорлық прецедентті мәтіндерді нақты мақсатпен қолданады, сондықтан олар журнал, газет мәтін тақырыптарында, теледидар бағдарламаларында, тіпті жарнама әлемінде көптеп көрініс табады. Кейінгі кезде баспасөз беттеріндегі интертекстуалдылық деңгейі жоғары десек болады, себебі журналистер өз шығармасына назар аударту мақсатында, оқырман көңілін аулау үшін, экспрессивті-эмоционалды бояу беру мақсатында осы әдісті жиі қолданады. Фольклор жанрының негізгі түрі мақал-мәтелдерді, фольклор кейіпкерлерін келтіре отырып көтерген мәселесін өзекті, әсерлі, салмақты ете түседі.

Әлемдік ғылыми айналымда қазақ, өзбек, қарақалпақ тіліндегі варианттарын біріктіретін қоңырат нұсқасы, сондай-ақ оғыз, қыпшақ, алтай нұсқалары бар деп есептелетін «Алпамыс батыр» эпостық жыры – түркі халықтарына ортақ туынды. Түрік әдебиетінде бұл дастанға арнаған HALILOV Penah, ERGUN Metin, Doğan KAYA сынды ғалымдардың зерттеу еңбектері бар. Бұл жыр өзбек тілінде «Алпамыш-батыр», башқұрт тілінде «Алпамыш пен Барсын хылду», татар тілінде «Алпамша», алтайлықтарда «Алып Манаш» деп аталады. Осыған байланысты ғалымдар Алпамыс сөзінің этимологиясын Алып Манаш, Бамсы, Алпамыш тіркестеріне байланысты іздейді. Зерттеушілер Р.С. Амренова мен И.С. Каирбекова «Қазақ халқының мәдени кеңістігі» деген лингвомәдениеттанымдық сөздігінде прецедентті мәтін, прецедентті сөйленіс (айтылым) және прецедентті есімдерді жинақтап берген. Алпамыс фольклорлық прецедентті есімін қарастырғанда тарихшы, академик Ә. Марғұланның еңбегіне былайша тоқталады: «Алпамысты оғыз эпосының бізге жеткен нұсқасы дей келе, Әбілғазының айтуынша, Мамаш (Бамыш, Бамыс, Бамсы, Алып Мамыш, Алпамыс) оғыздың бір бегі, оның әйелі Баршы сұлу («Алпамыс» жырындағы Гүлбаршын) – оғыздарға аты шыққан даңқты жеті қыздың бірі», – деп жазады. Әрине, бұл пікір әлі де тарихи-этимологиялық тұрғыдан тереңірек зерттеуді қажет етеді. Оны Қалмыш (Рашид ад дин шежіресінен), Тоғурмыш, Қармыш, Өгдүлміш, Оғдұрмыш («Құтты білік») және Алпамыш деп, бір сөз тудырушы модель жүйесінде қарауға болады. Ал лингвомәдени аспектіде қарастырып, оны алып Мамыш деген этноантропоним ретінде анықтауға болады» (Амренова, 2010: 13).

«Алпамыс батыр» жыры жайлы, соның ішінде басты кейіпкер Алпамыс туралы қазақ газет беттерінде жарияланған мақалалар өте көп. «Алпамыс батырды ардақтай алдық па?» деген мақалада журналист Б. Оңғарбаев батырлықтың, ерліктің символы саналған Алпамыс есімін ХХІ ғасырда қаншалықты ұлықтап жатырмыз деген сауалға жауап іздейді. Болашақ ұрпақ санасында рухани азық ретінде ер есімін қалдыру мақсатында еліміздің қалаларында орнатылып жатқан ескерткіштер жайлы, батырдың аты берілген мектеп жайлы айтып өтеді.

Сол сияқты <https://oinet.kz> сайтында елімізде кенже қалған салалардың бірі анимация мәселесі көтерілген «Қазақтың әрбір ұлы Алпамысқа, қызы Қыз Жібекке ұқсаса деймін» атты мақала жарық көрді. Мұнда отандық телеарналарда шетелдік «Человек Паук», «Шрек», «Черепаша Ниндзя» деген мультфильмдерінен гөрі мектеп оқушыларының патриоттық сезімін оятатын, ұлтжандылыққа тәрбиелейтін «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек», «Мұңлық-Зарлық», «Қанатты барыс туралы аңыз» сынды өз туындыларымызды көрсету туралы ұсыныс жасалып, «Қазақтың әрбір ұлы Алпамысқа, әрбір қызы Қыз Жібекке қызығып, тәрбиеленсе деймін» (Ниязбаев, 2009) деген жақсы ой айтылады.

Фольклорлық прецедентті есімдер жоғары образдылығымен жалпыұлттық символдарға айналады. Мұндай фольклорлық прецедентті есімдер жалпы ұлтқа танымал

болады, ұлттық мәдениеттің негізгі сипатын береді. Алпамыс батыр прецедентті есімі осыған дәлел болып тұр.

Халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық мәдениетте, қалың көпшілік санасында батырлықтың, ерліктің символы ретінде орныққан Ер Төстік, Алпамыс батырлар сияқты Толағай деген аңыз кейіпкері де бар. Аңыздың сюжеті бойынша, Толағай батыр елін жұттан аман сақтап қалу үшін үлкен тауды көтеріп, ауылына алып келіп, өзі мерт болады. Содан бері таудың аты Толағай деп аталады. Баспасөз бетінен біз тапқан мақала да «Тау көтерген Толағай» деп аталады. Батыс Қазақстанда шыққан «DANAqaz» журналы жайлы бас редакторы «Иә, өзінің мүмкіндігінен әлденеше есе ауыр рухани жүкті арқалауды өзіне парыз санаған «DANAqaz» тарихи-танымдық басылымының аяқ алысы, бейнелеп айтсақ, халық аңызындағы «Тау көтерген Толағайды» көз алдыға әкеледі... Небәрі бес жыл ішінде халықтың сүйікті журналына айналып үлгірген бірегей басылымға Толағайдың қамшының сабындай қысқа ғұмырын емес, халқының бақытты болашағы жолында ел сенімін ақтаған күш-қайратқа толы өнегелі өмір жолын берсін!» (Жақсығалиев, 2017) деген тілек айтады. Журнал басшылығы «DANAqaz» туындысын фольклор кейіпкері Толағай есімімен, сол аңыз сюжетімен байланыстыра білген.

«Қазақ әдебиеті» газетіне Қуат Қиықбайдың «Толағайдан шыққан Толағай» мақаласы жарық көрді. Мұнда журналист ақын Айбек Сапышев шығармашылығына тоқталады. Сөз соңында журналист былай дейді: «Өзінің кіндік қаны тамған Толағайдың баурайын, таудың өзін жырға қосып, тау тұлғалы өлеңнің Толағайына айналды» (Қиықбай, 2023). Мақала тақырыбын не себепті «Толағайдан шыққан Толағай» деп қойғаны соңғы сөйлемнен анық көрініп тұр.

Н.Әубәкірдің dalanews.kz сайтына шыққан «Толағай» мақаласының тақырыбы өте ұтымды қойылған. Себебі, бұл мақала еліміздің саңлақ спортшысы, көк туымызды көкте желбіреткен олимпиада чемпионы, мақтанышымыз Илья Ильинге арналған. Ауыр атлетикадан ел намысын қорғаған чемпионымыз туралы мақаланың «Толағай» қойылуы да орынды деп ойлаймыз. Журналист мақаласын «Миллиондаған қазақстандықтарды бір сәтте қуанышқа бөлеп, кеудемізге шаттық сезімін құйған «Толағайымызды» біз ешқашан сыртқа теппейміз. Біз үшін Илья чемпиондардың чемпионы болып қала береді» деп аяқтайды.

Толағай прецедентті есімімен байланысты шыққан тағы бір мақала «Толағай» тұрпатты тұлға» деп аталады. Мұнда журналист Б.Сапарбаев, М. Жәкішев, Б. Әмреев сынды іскер азаматтардың еңбектерін саралап, оларды Толағай сөзімен бағалаған.

Толағай есімімен танылған мақалаларды талдай келе, фольклорлық прецедентті есімінің құрылымы былайша көрсеттік:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) алып күш иесі;
- 2) батыр;
- 3) ел қорғаны;

II Төлсипаттар:

Ә. Тәжібаев «Толағай» ертегісі;

III Прецедентті есім жайлы жеке түсінік:

Қазақ дүниетанымы бойынша түркі халықтарына ортақ фольклорлық кейіпкер, халқы үшін жанын пидә еткен ер.

Халық ауыз әдебиеті өкілдерінің жоғарыда қарастырған барлығы – батырлар. Асқан күштерімен, батылдықтарымен халқына қызмет еткен тұлғалар және осы батырлардың сипаты бір-біріне ұқсас деуге болады. Осы деректер негізінде аталған фольклорлық прецедентті есімдер құрылымы төмендегіше болады:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) батыр;
- 2) қаһарман;
- 3) батыл, ержүрек;

II Төлсипаттар:

аңғал; «Қорқыт ата» кітабындағы «Бәмсі – Байрақ» жыры;

III Прецедентті есім жайлы жеке түсінік:

Қазақ дүниетанымы бойынша түркі халықтарына ортақ фольклорлық кейіпкер, батырлықтың символы.

Шығыс халықтары фольклорында көп кездесетін кейіпкердің бірі – Атымтай Жомарт. Жомарттығымен, қайырымдылығымен ел есімінде қалған бұл образ тарихта болған адам. Бұл туралы А. Қасымның «Атымтай жомарт кім болған?» танымдық мақаласы бар. Түп нұсқада «Хәтим Тай», қазақша Атымтай жомарт 6 ғасырда өмір сүрген араб ақыны. Бұл есім тіпті Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.у.) кей хадистерінде кездеседі екен. Қазақ фольклорында жомарттықтың үлгісі ретінде танылған Атымтай жомарт өмір сүрген дәуірінде бай және батыр да болған. Атымтай Жомарт туралы қазақ фольклорындағы шығармалар жанрлық және сюжеттік жағынан 3 бөлінеді: 1) Атымтай Жомарт туралы, оның өмірі, не себепті жомарт адам болғаны жайлы шағын хикаяттар, 2) өте бай Атымтай Жомартты суреттейтін қиял-ғажайып ертегілері және 3) тақыр кедей, ішерге асы жоқ Атымтай Жомарт туралы тұрмыс-салт ертегілері. Орыс зерттеушісі В. Красныхтың сызбасы бойынша Атымтай жомарт есімін былайша көрсетуге болады.

Атымтай жомарт фольклорлық прецедентті есімінің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) жағымды кейіпкер;
- 2) жомарт
- 3) қайырымды

II Төлсипаттар:

бай; шайыр; батыр, Ы.Алтынсарин әңгімесі.

III Прецедентті есім жайлы жеке түсінік:

Қазақ дүниетанымы бойынша түркі халықтарына ортақ фольклорлық кейіпкер, жомарттықтың символы; энантиосемиялық сипатта қолданылады. Яғни Атымтай Жомарт есімін журналистер қазіргі таңда керісінше қарама-қарсы кекесін мағынада қолданып жүр. Оған төмендегі талданған мақалалар дәлел бола алады.

Қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдарында Атымтай жомарт прецедентті есімімен байланыстырылған мақалалар көп ұшырасады. Соның бірі Ж. Мәуленұлының меценат Махмұт Ыбырайханұлы Нәлібаевқа арналған «Бүгінгі заманның Атымтай жомарты» атты мақаласы. Еліміздің мұнай-газ саласын дамытқан, Алаш арыстары шығарған «Қазақ» газетінің жандануына үлес қосқан ұлт жанашырына журналист осындай атақты «беруді» жөн көреді.

Қазақ фольклорында жомарттық, қайырымдылық, мейірімділіктің символы Атымтай жомарт фольклорлық прецедентті есіміне қарама-қарсы ұғымдағы сараңдықтың символы Шығайбай фольклорлық прецедентті есімі бар. Көне түрік тілінде «шығай» сөзі кедей деген мағынаны береді. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласын кеңінен зерттеген ғалым Ә. Қайдар бұл сөздің этимологиясына былайша тоқталады: «Шығай - чығай сөзі қазақ тілінде екі формада сақталған: біреу – жалқы есім құрамындағы шығай – Шығайбай (яғни Кедейбай, Шық бермес Шығайбай - «дым татырмайтын кедей, жұтаған бай») болады да, екіншісі – шыған: ол қазақ тіліндегі шығаннан шыққан кедей деген фразеологизм құрамында ғана кездеседі. Сонда ол – «кедейден шыққан кедей» немесе «кедейдің кедейі» деген мағынаны білдіреді. Ал шығай мен шыған – төркіндес, бір сөздің екі түрлі этимологиялық нұсқасы екенін «Көне түркі

сөздігінен» анық көруге болады» (Қайдар, 1996: 116). Мұнда й-н дыбыстарының айырмашылығын көреміз, бұл көне түркі тілдеріне тән сөз аяғындағы дыбыстардың фонетикалық сәйкестігі. Халық ауыз әдебиетінде «Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай» аңызы негізінде танылған бұл образды тілімізде тек жағымсыз мәнде ғана қолданамыз. Мысалы, «Мемлекет басшысы Съезде "шықбермес шығайбайларды" сын садағына алды» мақаласында Президентіміз Қ. Тоқаевтың «Қазақстан халқына» қорына еліміздегі қалталы азаматтардың ешқандай ақша аудармағанын сынға алғаны туралы айтылады. Немесе «Жері жоқ, малы көп «Шығайбайлар» көбейді» деген мақалада жер дауы, малдың, жайылымның мәселесі сөз болады. Қ. Зарыққанқызының «Парламенттегі «Шығайбай» депутаттардың қылығы халықтың қабырғасына батып жүр» атты мақаласы да халықтың жағдайын сезінбейтін, елдің проблемасына немқұрайлы қарайтын депутаттарымызға арналған.

Жалпы адамзат үшін сарандық өте жағымсыз қасиет. Қай кезеңде болсын, ғұламалар бұл жайлы өз шығармаларында айтып отырған. Өзбек ойшылы Әлішер Науаи: «Сараң – пайғамбардың жиені болса да, пейішке бармайды» десе, «Дивани лұғат ат түріктің» авторы Махмұд Қашқари мұндайларды «Өзі жемей мал жиып сараң болады, содан күні қараң болады» – деп келемеждеген. Түркістандық Ахмет Йгүнеки: «Сараң – малдың құлы», « «Берместің қолы бермеске бекем келер» – деп сарандық адам баласын адамгершілікке емес, көрсоқырлыққа, жақсылыққа емес жамандыққа, қанағатшылыққа емес, ашкөзділікке апаратынын айтқан» (Қалдарханұлы, 2021). Ал қазақ халқы болса бұл ұғымды Шықбермес Шығайбай есімімен топшылайды. Бұл прецедентті есім ұлтымыздың поэзия, проза, публицистика жанрларында прецедентті жағдайдың символы ретінде жиі кездеседі.

Шығайбай фольклорлық прецедентті есімінің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) жағымсыз кейіпкер
- 2) сараң
- 3) дүниеқоңыз

II Төлсипаттар:

бай; «Алдар Көсе мен Шығайбай» ертегісі.

III Прецедентті есім жайлы жеке түсінік:

Қазақ дүниетанымындағы жалқыдан жалпыға айналған фольклорлық кейіпкер, сарандықтың символы.

Келесі бір фольклорлық прецедентті есім, аңыз кейіпкері – Асан қайғы. 14 ғасырда өмір сүрген жырау қазақ фольклорының басты кейіпкері, прецедентті есім. Аңыз желісі бойынша елдің қамын ойлаған Асан қайғы Желмаясына мініп алып, жанға, малға жайлы Жерұйықты іздейді. Еліміздің барлық аймағын шарлап, әр жерге сипаттама береді. Д. Жанатаевтың «Асан қайғының Жерұйықты іздеу себебі неде?» деген мақаласында Асан Қайғының болмысы жан-жақты ашылған. Ш. Уәлиханов, Г. Потанин зерттеулеріне тоқталып, «Ел айрылған», «Асан қайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» сынды күйлері жайлы айтып өтеді. Мақала соңы «Ол – ұлттық тұлға. Ол өз халқына бақыт тіледі, оның болашағын ойлап қайғыға батты. Сол себептен Асан Қайғы атанып тарих беттерінде есімі қалды.

Тереңдей үңілгенде Асан Қайғы бабамыз, бүгінгі қазақ мемлекеттігінің дипломатиялық мектебін қалыптастырды» (Жанатаев, 2020) деген ойлармен аяқталады.

Ғалым Р. С. Амренова мен И. С. Каирбекова Асан қайғының фольклорлық прецедентті есім болуына себеп мынадай белгілерін көрсетеді: «1. Асан қайғы – қазақ халқының аңыздарында адам үшін күрескен, аты аңызға айналған негізгі кейіпкердің бірі; 2. Кең тараған ерлер антропонимі; 3. Халықтың қамын ойлаушы, дала философы, саяхатшы; 4. Стереотиптік бейне; 5. Адамды сипаттау үшін қолданылуы мүмкін»

(Амренова, 2014: 15). Әр белгіге жеке-жеке тоқтала отырып, қазіргі кезде Асан қайғы есімінің уайымшыл адамды сипаттау үшін қолданылатынын айтады.

Ал біз жасаған Асан Сәбитұлы фольклорлық прецедентті есімінің құрылымы төмендегідей:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) жырау
- 2) би, философ
- 3) күйші

II Төлсипаттар:

Асан Қайғы, бақсы, «Көшпелілер философы».

III Прецедентті есім жайлы жеке түсінік:

Қазақ дүниетанымы бойынша түркі халқына ортақ фольклорлық кейіпкер, Жерұйықты іздеген образ.

Асан Қайғы бабамыз нағыз Жерұйықты іздесе, түрік әлемінің салты мен дәстүрін, сенімін бүгінгіге жеткізген Қорқыт ата мәңгілік өмірді іздеді. Қорқыт ата аңыз кейіпкері болғанмен, кей ғалымдар фольклорлық прецедентті есім ретінде қарастырмайды. Ал Р. С. Амренова мен И. С. Каирбекова сынды зерттеушілер «Қорқыт ата – өте көне образ; IX-X ғасырда Сыр бойында ғұмыр кешкен ойшыл; «Кітаби Қорқыт» жырларын тудырған үлкен эпос айтушысы; күй мен жырдың алыбы; ел аузында таралған аңыздарда мәңгі жасайтын өмір, ажалдан қашып құтылу жолын ідеуші; VIII-X ғасырларда номадтық-патриархалдық өмір өзгеріп, ислам діні келген кезде екеуін сынап, еркіндікті жақтаған, ислам дінінің орнына шамандық сенімді тұтатқан; Қорқыттың әдеби-музыкалық мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ асыл қазына («Кітаби дәдем Қорқыт»); Қорқыт ата есімі «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген тұрақты сөз тіркесінде шешуі табылмаған жағдайды сипаттау үшін қолданылады» (Амренова, 2014: 26). деп фольклорлық прецедентті есім ретінде қарауға болады деген сипаттамаларды тізіп береді. Біз де Қорқыт ата фольклорлық прецедентті есімінің құрылымын былайша жасадық:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) Қобыздың атасы
- 2) күйші
- 3) жырау

II Төлсипаттар:

Абыз, бақсы, философ, Қорқыт атаның 12 дастаны, «Қайда барсаң да – Қорқыттың көрі».

III Прецедентті есім жайлы жеке түсінік:

Қазақ дүниетанымы бойынша түркі халқына ортақ фольклорлық кейіпкер, мәңгілік өмірді іздеген образ.

Көне түркі тілінде «һорхұт» «жоғарыдан келген құт» деген мағынаны береді. Ал қазақ халық ауыз әдебиетінде Қорқыт деп аталып кеткен. Мәңгілік өмірді іздеген бұл образ туралы көптеген аңыз, ертегілер бар. Соның негізінде «Қайда барсаң да – Қорқыттың көрі» деген прецедентті мәтін пайда болған. Жырау, абыз, бақсы, қобыздың атасы Қорқыт есімі, «Қайда барсаң да – Қорқыттың көрі» прецедентті мәтіні газет тілінде өте жиі ұшырасады. Б. Саймағанбетовтің «Қорқыт ата – Түркінің құты» атты мақаласында Қорқыт атаны зерттеген Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев сынды ғалымдары жайлы, Абыздың музыкалық мұрасы, бізге жеткен «Қорқыт күйі», «Қорқыт зары», «Ұшардың ұлуы», «Аққу», «Желмая» күйлері туралы тарихи тұрғыдан айтып өтеді. Жазылған мақаланың мақсаты аңыз кейпінде жеткен Қорқыт есімінің тарихилығын дәлелдеу болды. Ал «Қайда барсаң да Қорқыттың... PR-ы» атты мақалада әлеуметтік желілерде істеген жақсылығын, киген киімін, ішкен тамағын

жариялап, жарнамалап жасаған жасанды істер, яғни пиар мәселесі сөз болады. Маркетингтік қадам, пост арқылы жазылған жарнама жайлы айтып өткен журналист сөзін әсерлі, ойын өзекті жеткізу үшін «Киер киіміңіз де, ішер асыңыз да – бәрі де жарнама. Қайда барсаңыз да Қорқыттың көрі емес, PR-ы екен» (Құлтай, 2014) деген прецедентті мәтінді сәл өзгертіп қолданады. Трансформацияға түскен бұл прецедентті айтылымды тақырып еткен мақалалар газет беттерінде көптеп кездесіп отырады. Мысалы, «Қайда барсаң да ... қыстырылған легионерлер» (еліміздегі футболдың мүшкіл халін суреттейтін), «Қайда барсаң да саясат», «Қайда барсаң да серілер» мақалалары.

Қорытынды

Сонымен, прецедентті құбылыстар көркем шығармада, газет мәтіндерінде цитата, реминисценция, эпитет, аллюзия сияқты интертекстуалды құралдар арқылы көрініс тауып отырады. Біз қарастырып отырған фольклорлық прецедентті есімдер баспасөз беттерінде көбінесе тақырып құрамында кездеседі. Мысалы, АлпамысТолағай батыр, Асан Қайғы, Қорқыт ата, Атымтай жомарт, Шығайбай фольклорлық прецедентті есімдері журналистер тарапынан көп қолданылған. Мақалада осы фольклорлық прецедентті есімдердің дифференциалдық белгілері негізінде олардың функционалдық-прагматикалық қызметі сипатталды.

Байқағанымыздай, фольклорлық прецедентті есім әлемнің ұлттық бейнесін беретін бірлік. Бұл бейне арқылы ұлттың сан ғасыр бойына сақталған құндылығы көрінеді. Прецедентті есімдер көркем шығармадан бөлек баспасөз беттерінде белсенді түрде қолданылады, журналист өзінің шығармашылығында оқырманға әсер етуді көздей отырып, прецедентті атауларды кеңінен пайдаланып, ойының ұшқырлығын, тапқырлығын және жаңашылдығын, сөзқолданыс әлеуетін көрсете алады.

Қазіргі баспасөз бетінде адамның бейнесін ашу үшін жалқы есімдердің қолданысы ауыспалы мағынада жұмсалады. Бұл арқылы автор жазып отырған адамның іс-әрекетін, бейнесін, жеке қасиеттерін көрсете отырып, өзінің сол адам жайлы көзқарасын, бағасын береді.

Жалпы, о баста көркем мәтінге қатысты қарастырылған прецедентті құбылыстар, оның ішінде прецедентті есімдер шығармашылық стильдің бірі – публицистикалық стильде жиі қолданылатыны байқалып отыр. Бұл кез келген ұлт тілінің, фольклорының өміршеңдігінің көрінісі, тілдік тұлғаның лингвомәдени құзіретінің көрсеткіші екенінің дәлелі деуге болады.

КАУНАҚСА

Абдыханова Б. (2018), Фольклорлық шығармалардың прецедентті мәтін ретіндегі лингвомәдени қызметі (XXI ғ. көркем шығармалары негізінде): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайын. диссертация. Л. Н. Гумилев атын. Евразия ұлттық ун-ті... – Астана: - 147 б.

Амренова Р.С., Каирбекова И.С. (2014), Қазақ халқының мәдени кеңістігі: лингвомәдениеттанымдық сөздік, Көкшетау.

Әшімханова Ф.М. (2007), Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: фил. ғыл. канд... диссертациясы, Алматы.

Жанұзақ Т. (2006), Қазақ ономастикасы. Алматы.

Жирмунский В.М (1974), .Сказание об Алпамыше и богатырская сказка // *Тюркский героический эпос: избранные труды*. Л.

Жақсығалиев Ж. (2017), «Тау көтерген Толағай»: <https://danaqaz.kz/barlyk-nomirler/2017/9-10-38/item/613-web-sajty-n-kyshejtejik>

Жанатаев Д. (2010), «Асан қайғының Жерұйықты іздеу себебі неде?»: <https://adyrna.kz/post/36583>

Иманбердиева С. (2010), Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XI/ ғғ. Түркі жазба ескерткіштері негізінде), Алматы.

- Красных В. (2003), *Свой» среди «чужих»: миф или реальность?*, Москва.
- Корганбеков, Б., & Габидуллина, Ф. (2023). О генезисе эпоса «Алпамыс батыр». *Turkic Studies Journal*, 5(1), 145–161. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-145-161>
- Қиықбай Қ. (2023), «Толағайдан шыққан Толағай»: <https://qazaqadabiet.kz/35784/tola-ajdan-shy-an-tola-aj>
- Қайдар Ә. (1996), *Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка, Алматы.*
- Қалдарханұлы Н. (2021), «Сараң – пайғамбардың жиені болса да, пейішке бармайды»: <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/qulshylyq/saran-raigambardyn-jieni-bolsa-da-peiishke-barmaidy-8937/>
- Құлтай А. (2014), «Қайда барсаң да Қорқыттың... PR-ы»: <https://massaget.kz/blogs/9882/>
- Мадиева Г.Б. (2019), *Имя собственное в контексте познания: монография, Алматы.*
- Нахимова Е. А. (2007), *Прецедентные имена в массовой коммуникации»: монография, Екатеринбург.*
- Ниязбаев К. (2009), «Қазақтың әрбір ұлы Алпамысқа, қызы Қыз Жібекке ұқсаса деймін»: https://oinet.kz/A_basqada/suqbat/2019-03-05/1441.html
- Райхл К (2008), *Тюркский эпос. Традиции, формы, поэтическая структура, Москва.*